

**"2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Шу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 104 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 340 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 қыркүйекте № 3941 болып тіркелді

**Р К А О - ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Занының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Шу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Шу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 104 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3814 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік- құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде 2018 жылғы 24 мамырда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Клара Исаққызы Қожағаппановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Досаев

Шу ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы № 29 тамыздағы  
№ 340 қаулысына қосымша

**2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы	
--	--	--

№	Атауы	Тәрбиеленушілер саны	Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны	Бір айға ата-ананың төлемақысының мөлшері (тенге)
Мектепке дейінгі мемлекеттік үйымдар (шагын орталық)				
	Толық күндік шағын орталықтар	724	15299	5000
оның ішінде:				
1	Шу қаласындағы шағын орталықтар	175	13155	5000
2	Ауылды елді мекендегі шағын орталықтар	549	17442	5000
Мектепке дейінгі мемлекеттік үйымдар (балабақшалар)				
1	Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің білім бөлімінің "Ақерке" балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	40	29803	6000
2	Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің білім бөлімінің "Кәусар" балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	50	29803	6000
Мектепке дейінгі жекеменшік үйымдар (балабақшалар)				
3	"Әсия – Әлемі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Әсия-Әлемі" балалар бақшасы	200	29663	6000
4	"Біржан – Нұрдаулет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Нұрдаулет" балалар бақшасы	75	29663	6000
5	"Компания Марк" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Арайлым" балалар бақшасы	150	29663	6000
6	"Алдияр-Даниял" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Інжү" балалар бақшасы	75	29663	6000
7	"Дияр-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Дияр" балалар бақшасы	75	29663	6000
8	"Амира Ханшайым" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Амира Ханшайым" балалар бақшасы	60	29803	6000
9	"Арユ-Толғанай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Арユ-Толғанай" балалар бақшасы	50	29803	6000
10	"Амира Ханшайым" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Алмар" балалар бақшасы	100	29803	6000